



елбасының биылғы Қазақстан халқына Жолдауында қалың көпшіліктің қолжетімді тұрғын үйлер алуы туралы жан-жақты айтылып, оны орындаудың жолдары көрсетілген болатын. Осыған сәйкес ҚР Үкіметі мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасын дайындап, бекіткен еді. Онда негізінен тұрғын үй базасын арзандату, ипотекалық несиенің тиімділігін арттыру қарастырылған. Республикалық бағдарлама аясында біздің облысымызда да 2005 – 2007 жылдарға арналған үш жылдық тұрғын үй бағдарламасы қабылданды. Мұнда бүгінгі заман талабы толығымен ескеріліп, халықтың сұраныс қабілеті де ойға алынған. Әлеуметтік жағынан аз қорғалған отбасылар мүддесі де ескерілген. Сондай-ақ, облыс орталығында бой көтеретін тұрғын үйлердің тұрмысқа қолайлылығы, әлеуметтік-мәдени орындармен қамтамасыз етілуі де бірінші кезекке қойылған. Осы орайда Талдықорған қаласының шығыс жақ шетін жасап отетін Қаратал өзенінің жағалауында бой көтеретін “Қаратал” шағын ауданының жобасы облыс және қала басшылығының көңілдерінен шығып, құрылысшылар мен сәулетшілер және қала халқының қолдауына ие болды. Шағын ауданның бірінші кезеңде салынатын құрылыс жұмыстары басталып та кетті. Бейсенбі күні құрылыс алаңына арнайы келген облыс әкімі Шалбай Құлмаханұлы “Қаратал” шағын ауданының алғашқы қазығын өз қолымен қазып, құрыш білекті құрылысшылар жұмысына сәттілік тіледі.

Болат АБАҒАН,
“Жетісу”

“Қаратал” шағын ауданының қазығы қағылды

“Қаратал” шағын ауданы құрылысының бірінші кезеңінде 354 пәтерлі тұрғын үй кешені тұрғызылмақ. Кешен 8, 10, 12 және 14 қабатты тұрғын үйлерден тұрады. Бас жобалаушы – “Даму – орта” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылыс жұмысындағы соңғы жаңалықтарды енгізіп, бүгінгі заман талабына сай жасаған жобадағы көрсетілгендер толығымен жүзеге асса, алыстан көз тартатын, тұрғындардың барлық жағдайы жасалған, көркейген шағын аудан облыс орталығының сәнін арттыра түспек. Құрылысты “Келешек” қазақ-түрік бірлескен компаниясы мен “Асар” фирмасы жүзеге асырмақ. Еліміздің Алматы, Астана, Атырау сияқты қалаларында қолтаңбаларын қалдырып, жұрт сеніміне ие болған құрылыс ұйымдарының жұмысы талдықорғандықтардың да көңілінен шығуға тиісті.

Құрылыс алаңына келген облыс әкімі “Қаратал” шағын ауданының сұлбасы түсірілген үлгіге мұқият үйіліп, шағын ауданда салынатын мектеп, спорттық кешен, халыққа тұрмыстық қызмет көрсететін орындардың сызбасын да сыннан өткізді. Құрылыс жұмысын бір кісідей білетін Шалбай Құлмаханұлының назарынан ештеңе тысқары қалған жоқ. Жобалаушылармен, құрылысшылармен

барлығы туралы сөйлесті. Тез арада шешуді қажетсінетін жағдайларды реттеу туралы құрылыс жұмысына жауап беретін орынбасары Аманжол Баталовқа, қала әкімі Сәкен Жылқайдаровқа және басқа жауапты тұлғаларға сол жерде тапсырмалар берді.

“Келешек” ЖСШ құрылыс фирмасының басшысы Қайырлы Шопанаевқа тұрғын үйлерді белгіленген мерзімде, сапалы аяқтау қажеттігін ескертті. –Бәрі ойдағыдай болып, келеңсіздікке жол бермесеңдер, қаржыландырудан кедергі көрмейсіңдер. Сондықтан сенімнен айырылып қалмаңдар – деген облыс басшысының сөзін құрылыс фирмасының басшысы құп алды.

Облыс әкімінің айтуынша, үш жылдық бағдарламаны орындауға бөлінген қаржыға облыс бойынша 762,5 мың шаршы метр тұрғын үй салынады. Оның 24 мың шаршы метрі әлеуметтік қолдауды қажет ететіндерге арналған коммуналдық құрылыс болса, 170,4 мың шаршы метрі республикалық бюджеттен бөлінетін несиенің салынбақ. Сондықтан, облыс тұрғындары арасында ипотекалық несиенің



Егер келер жылы пайдалануға берілетін қолжетімді тұрғын үйлер өз иелерін тез тапса, тұрмысқа қолайлы барлық жағдай жасалған пәтерлер құрылысы одан ары қарқынды түрде

жалғаса бермек.

Құрылыс фирмасының жетекшісі Қайырлы Шопанаев та жағдай жасалса, жетістіктің де көп ұзамай көрініс беретіндігін айтты. “Қаратал” шағын ауданы құрылысының алғашқы кезеңіне Түркиядан 80-ге жуық құрылыс мамандары келеді. Қалған жұмысшылар жергілікті жерден алынбақ. Қазіргі кезде алғашқы үйлердің орындары қазылып, дайындалуда. Таяу күндері қалыптас әкелініп, іргетастарын құю басталады. Ал, тұрғын үйлердің өзі тұтас бетон түрінде жылжымалы қалыпты қолдану арқылы салынады. Мұндай әдіс құрылыс жұмысының тез аяқталуына әсер етері сөзсіз. Құрылысшылар алғашқы үйді келер жылдың бірінші тоқсанында береміз деп уәде етіп отыр. Аманжол болса, 2005 жылдың жазында Қаратал өзені жағалауында көрікті қалашық бой көтермек. Ипотекалық несиенен хабары барлар қазірдің өзінде тапсырыс беріп, тұрмысқа қолайлы пәтерлер алатын күнді асыға күтуде. Сіздер де қапы қалмаңыздар, талдықорғандықтар!

Суреттің авторы

● Жайдарман жаңалық ✓ Еркінде жаңа мешіт ашылды

Қасиетті жұма күні осы жылдың басында іргетасы қаланған Еркін ауылындағы мешіттің ашылу салтанаты өтті. Оған облыс әкімі Ш ҚҰЛМАХАНОВ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бас мүфті Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ, заң ғылымының докторы Мақсұт НӘРІКБАЕВ қатынасты.

Бұл игі бастамаға мұрындық болған қаламыздың тұрперзенті, Қазақстан Демократиялық партиясының төрағасы Мақсұт Нәрікбаев еді.

Жиналған қауымды мешіттің ашылуымен құттықтаған Ш. Құлмаханов аталмыш имандылық үйінің облысымыздағы 87-ауа екенін атап өтті. Ұлы мұраттарға қызмет ететін дін орталығының қашан да адалдылыққа, имандылыққа бастайтыны баршаға аян, дей келе облыс әкімі, заңгер Мақсұт Нәрікбаевқа алғысын білдіре келіп, осындай игілікті шара басқа да қалталы азаматтарға үлгі болсын, дегенді айтты.

Өз кезегінде сөз алған Бас мүфті Әбсаттар қажы Дербісәлі: – Осымен Талдықорған үшінші рет келіп тұрмын. Бірінші рет “Нұр” мешітін ашқанда, содан кейін құрбан айтқа, үшінші міне Алла тағаланың үйінің ашылуына келдім. Қалаларыңыз жыл сайын жайнап тұрлену үстінде. Алла тағала әрқашан осындай жақсылық-



тарда бас қосуға жазсын, деген жүрек-жарды тілегін білдірді.

Келесі кезекте Мақсұт Нәрікбаев ауылдастарына ыстық сәлемін жеткізіп, кезіндегі казиноның орнынан мешіт салу туралы ойы іске асқанына Аллаға ризашылығын білдірді.

Көп болып көмектесіп, еңсе көтерген мешіттің салынуына еңбегі сіңген ел азаматтарына алғысын жеткізді.

Алланың ақ нұры төгілген имандылық үйінің уақытына бұрын бітуіне атсалысқан азаматтарға шапан жалты. Салтанатты жиыннан соң Әбсаттар қажы Дербісәлі мен облыс әкімі Шалбай Құлмаханов мешіттің ашылу рәсімі бойынша лентаны киді.

Одан кейін жиналған қауым жана мешіт ішін тамашалап, қажының “жұма күні” туралы уағзын тыңдады. Әрі қарай келгендер жұма намазына жығылып, көпшілік аруақтарға арналған астан дәм татты.

Г. МҰҚАШҚЫЗЫ.

САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ӨТТІ

Жұма күні Талдықорған қаласының І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында Ата Заңымыз – Конституция күніне арналған салтанатты жиын болып өтті. Оған осында еңбек етіп, тұрып жатқан соғыс және еңбек ардагерлерінің, медицина мен білім саласы қызметкерлерінің, әскерилер мен жастардың, шағын және орта бизнестің, мәдениет пен өнер саласының өкілдері қатысты.

Салтанатты жиында қала әкімі Сәкен Жылқайдаров Ата Заң аясында атқарылып жатқан шаралар мен қазақстандықтардың шадыман өмірі жайлы баяндама жасап, жиналғандарды осынау мерейлі мерекелерімен құттықтады.

Жиынның соңынан салтанатқа қатысушыларға қаланың шығармашылық